

Көршілерімізбен алыс-берістің көкжиегі көңейеді

26 қазан 2013 | 00:10 | Қоғам | Қаралған: 2525 | Пікірлер: 0



Кеше Шығыс Қазақстандағы құндарі аясында облысымызға Ресейдің Алтай влкесінің губернаторы Александр КАРЛИН бастаған делегация келіп, Глубокое ауданы мен Өскемендеңігі бірқатар нысандарды аралап, аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВПЕН бірге меморандумдар мен келісімдерге қол қою рәсіміне қатысты.

Алдымен облыс Өкімі Бердібек САПАРБАЕВ Ресей Федерациясының біздің өніммен шектесіп жатқан Алтай влкесінде болып, мұндағы пайдалануға берілген «Поспелиха – Курья – Третьяково – Қазақстан Республикасының шекараасы» тасжолының салтанатты ашылуына қатысты. Облыс Өкімі бастап барған шығысқазақстандық делегацияны Алтай влкесінің губернаторы Александр КАРЛИН қарсы алды.

Бұл жол екі елдің қарым-қатынасына берік негіз қалайды

Айта кетейік, атамыш шара Алтай влкесінің губернаторы А.КАРЛИННІҢ Шығыс Қазақстанға іссапары аясында жүзеге асты. Салтанатты рәсім барысында көршілес екі аймақтың басшылары курделі жөндеуден еткен тасжолдың шекараға таяу белігін көріп, жүргізілген жұмыстарға жоғары баға берді.

Алтай влкесінің Поспелиха, Курья, Третьяково аудандарынан еліміздің шекараасына дейін созылған, ұзындығы 170 шақырымдың құрайтын тасжолдың З шақырымға жуық белігі 2012 жылы жөндеуден еткізілген екен. Ал қалған белігі биыл қалпына келтіріліпті.

Тасжолдың ашылуында сез сыйлеген Алтай влкесінің губернаторы 20 жылға жуық уақыт бойы атамыш бағыттағы жолдың, әсіресе, Қазақстанмен шекараға жақын он шақты шақырымы ешқандай сын көтермейтін жағдайда болғанын тілге тиек етті.

– Біз жылдар бойы қараусыз қалып келген осынау жол учаскесінің халі екі ел арасындағы ынтымақтастық байланыстардың жоғары деңгейіне еш сай келмейтінін түсініп, тасжолды жеделдетіп қалпына келтіруге тырыстық. Натижеле жаман болған жоқ деп ойлаймын. Бір мысал келтірейін, жөндеу жұмыстарын, әсіресе, көп қажет еткен 9 шақырымдық белігін қалпына келтіруге ғана Алтай влкесінің бюджетінен 238,5 миллион рубль жұмсалған. Бүгін міне, көршілес жатқан екі аймақтың тұрғындары көктен күткен жөндеу жұмыстары аяқталып, жол салтанатты түрде пайдалануға беріліп отыр. Бұл – Алтай влкесінің, жалпы Ресей Федерациясының оңтүстікегі қақпасы. Соңдықтан бұл жолдың екі ел арасындағы байланысты дамытудағы маңызы вте зор, – деді Александр КАРЛИН.

Ол сонымен қатар, Поспелиха – Курья – Третьяково – Қазақстан Республикасының шекараасы бағытындағы тасжолдың «Алтайдың үлкен алтын сақинасы» туристік маршрутына енгізілгенін де айтты.

Расымен де, қазіргі таңда Қазақстан мен Ресей Федерациясы, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысы мен Алтай өлкесі арасындағы әріптестік байланыс ете жоғары деңгейде екені малім. Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ та өз сөздерінде біздің ең басты стратегиялық әріптесіміз Ресей екенін жиғайтып келеді.

Мұны салтанатты шарада облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ерекше атап етті.

– Жол дегеніміз – тіршіліктің куре тамыры. Ал шекаралас жатқан аймақтар үшін жолдың орны тіптен белек. Қазақстанның Ресейге және кері бағытта жүретін тұрғындарымыз үшін осынау тақтайдай тұзу жол үлкен сый болары анық. Енді Шығыс Қазақстанның көркіті жерлерін көріп қайтуға келетін ресейлік туристер легі де көбейеді деп үміттепеміз. Ең бастысы, бұл автомагистраль екі ел, екі аймақ арасындағы әріптестіктің нығаюына жол ашып, экономикалық байланыстарымызды жаңа деңгейге көтереді деп сенемін. Қос тарап осындағы тасжолдың болуынан тек қана игілік көреді, – деген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ресейлік әріптесі Александр КАРЛИНГЕ осында маңызды шарага шақырғаны және шығысқазақстанның делегацияны ерекше қонақжайлышыпен қарсы алғаны үшін зор алғысын билдірді.

Расымен де, облысымыздың атынан келген ресми делегацияны алтайлықтар нан-тұзбен және әнмен қарсы алып, қуантып таstadtы. Сонымен қатар, шығысқазақстанның назарына жергілікті шығармашылық ұжымдардың мазмұнды концепттік бағдарламасы ұсынылды.

Тасжолдың ашылуынан кейін облысымызға жол тартқан Алтай өлкесінің делегациясын шекараның бергі бетінде Шемонайха қаласындағы өнер мектебінің қазақ үлт-аспалтар оркестрі ауаезді әнмен, құмбірлеген құймен қарсы алды. Сонымен қатар, ресейлік меймандарға арналып киіз үй тігіліп, шашу шашылды.

Роботтандырылған сұт фермасының жұмысымен танысты

Ресейдің Алтай өлкесінің губернаторы Александр КАРЛИН бұл күні облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВПЕН бірге Глубокое ауданының Бобровка ауылындағы «Бобровкат» ЖШС-не қарасты роботтандырылған сұт фермасының жұмысымен танысты.

Технологияның қарыштап дамуы бүгінгі күні адам еңбегін айтарлықтай женілдетіп отыр. Оның айқын дәлелі - ашылғанына әлі бір жыл да бола қоймаған осынау сұт фермасы. Мұнда барі де роботтандырылған. Сауыншының міндетін де робот атқарады.

«Бобровкат» ЖШС-нің директоры Талғат Қырықбаевтың айтуынша, қазіргі күні бұл сұт фермасында жузге таяу симменталь сиыры бар. Мұндағы жануарлардың барі де Чехиядан акелінген асыл тұқымды сиырлар. Тауда бұл сиырлардың қатарын жергілікті қырық сиыр толықтырмақ. Фермада 6 «сауыншы-робот» бар. Бір робот күніне 60-70 сиырға дейін саудады. Жаллы, швециялық «Delaval VMS» компаниясының «сауыншы-роботтары» мұндағы жұмысты айтарлықтай женілдеткен көрінеді. Барлығы төрт-ак адам, оператор мен бақташы, мал дәрігері мен механизатор осынау қорадағы малға ие болады. Қазіргі күні сұт фермасы таулігіне 1 тонна 200 литр сұт өндіріп отыр. Орташа есеппен бір сиыр 13 литр сұт беруде. Сұт фермасы басшылығы алдағы уақытта бұл межені 18 литрге көтеруді жоспарлауда.

Сүт фермасының қазіргі жай-күйін облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ пен Алтай өлкесінің губернаторы Александр КАРЛИНГЕ «Восток-молоко» ЖШС-нің бас директоры Сейілжан Сайлаубаев баяндап берді. Ол еңдердегі, тіпті, еліміздегі ірі жобаны «Бизнесстік жол картасы» және «Жаңа бизнес бастамаларын қолдау» мемлекеттік бағдарламаларының аясында жүзеге асыру мүмкін болғанын да тілге тиек етті.

Мұндағы әр сиырдың мойын жібіндегі чипте барлық малімет сақталған. Осы чиптің көмегімен оператор сиырдың жағдайын, қайда жүргенін, тіпті, соңғы рет қай кезде сауылғанын да бақылап отырады. Бұл чипті сиырдың төлкүжаты десе де болады. Қонақтар компьютер арқылы сиырларды бақылап отырған оператор қызы Гүлмирамен де тілдесті. Мысалы, 72-намірлі сиыр күніне 14 литр сүт береді екен. Сондай-ақ, Алтай өлкесінің губернаторын сиырлардың маститпен қаншалықты жі ауыратыны да қызықтырыды. Гүлмираның сезіне сенсек, бұл сүт фермасында санитарлық-тазалық қатаң сақталынады екен. Сөз арасында Алтай өлкесінің губернаторы Гүлмирадан қанша жалақысы алатынын да сұрады. Гүлмираның жалақысы - 60 000 теңге. Күніне небарі 12 сағат қана жұмыс істейді.

Жалпы, «Delaval VMS» компаниясының «сауыншы-роботтары» алем елдерінде 1998 жылдан бастап қолданыла бастапты. Ал Ресей фермерлері мұндай «сауыншы-роботтарға» 2007 жылдан көшे бастаған. Ал Қазақстанда ашылған тұнғыш роботтандырылған бұл сүт фермасының қуатын алі де арттыру көзделіп отыр.

Мұнан кейін облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ пен Алтай өлкесінің губернаторы Александр КАРЛИН Бобровка ауылындағы орта мектепке ат басын бұрды. Мектеп ұжымы қонақтарды взгеше бір жылы шыраймен, шашу шашып қарсы алды. 2011 жылы пайдалануға берілген бұл мектепте бүгінгі таңда 299 бала қазак және орыс тілдерінде білім алып жатқан көрінеді. Мектеп директоры Сандуғаш Нұралина қонақтарды ең алдымен мини-орталыққа бастап апарды. Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы аясында ашылған бұл орталықта 40 бала тәрбиеленіп жатыр. Мектепте оқушылардың білім алушына барлық жағдай жасалған. Еңбек сабактарын еткізуге орналған шеберханалардың вәзі де жұтынып тұр. Бір атап айтарлығы, бұл мектеп 2012-2013 оқу жылынан бастап «Мың бала» жобасын іске асыруда. Осы жобаға сыйкес шахматқа қызығушылығы зор балалар шахмат бұрышына келіп, «смидың гимнастикасымен» айналысса, тілге қызығушылық танытқандар үш тұғырлы тіл бұрышына барады. Сонымен қатар, бұл мектепте оқушыларға ара шаруашылығының да қыр-сырын үйрететін үйірме бар.

Мектеп фойесінде орналасқан мониторлар арқылы облыстық білім басқармасының басшысы Асқар Нұрғазиев Алтай өлкесінің губернаторына еңдердегі білім саласындағы хал-ахуалды баяндап берді.

Сондай-ақ, Алтай өлкесінің губернаторы еңірде жүзеге асырылып жатқан «Тұған ел - алтын бесігім», «Мейірім» секілді тұған ел мен жерге берері көп ізгі акциялар туралы да малімет алып, хабардар болды.

Мұндағы этноауыл ТМД елдерінде жок

Өскеменге ат басын тіреген алтайлық делегаттарға облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ «Айтас-МП» ЖШС-нің құс етін терендетіп өндіртін жаңа касіпорынын аралатып көрсетті. Был ғана іске қосылған бұл зауыт өңірдің Индустрисандыру картасына енгізілген. Мұнда мартебелі меймандарды немістің озық технологиясымен өндірлетін шұжықтар мен деликатестер, жартылай фабрикадар түрлерінің (150-ге тарта) көптігі және олардың сапалы болуы ерекше қызықтырыды. Өндіріске қажетті шикізаттың алыстан арбаламай, іргедегі «Өскемен құс фабрикасынан» жеткізілуі де тиімді болып тұр. Жобалық қуаттылығы жылына 12 мың тонна вінім шығаруға алеуетті касіпорынның құрылышына шамамен 2 млрд теңгеге жуық инвестиция құйылған, оның 1170,2 млн теңгесі екінші деңгейлі банктер арқылы несиелендірілген.

Бүгінгі күні бұл жерде екі жүздей адам өнбек етіп жүр. Келешекте жұмыс қуаттылығының артуына байланысты олардың санын екі есеге дейін көбейту жоспарда бар.

Заманауи үлгідегі зауыттың жұмысымен толық танысып шыққан Алтай өлкесінің губернаторы Александр Карлин жобаны қаржыландыру, жаңа технологияларды игеру, қадарлар дайындау сияқты маселелерді сұрап, білді. Өз кезегінде мұндай жоғары технологияға негізделген өндіріс орындарының халықаралық талаптарға сай келетін вінімдері қазақстандық нарықта ғана емес, сонымен қатар шетелдерде де сұранысқа ие болатынын тілге тиек етті.

Рас, бүгінгі күні отандық нарықта саудаланып жатқан шұжықтардың біраз белгілі сырттан тасымалдануда. Ал аталған зауыт осы олқылықтың орынын толтырып қана қоймай, экспорттың үлесін арттыруға зор мүмкіндік туғызады дейді мамандар. «Қазақстанда жасалған» деген маркамен сауда орындарына жол тартатын өскемендік шұжықтар республиканың барлық аймақтарына шығарылады және касіпорын толық қуатына көшкенде көршілес мемлекеттерге, оның ішінде Ресейдің Алтай өлкесінде де жәнелтілмек.

Бұдан кейін делегация вілдері біздің облыстың тағы бір мақтанышы – ауыл шаруашылық вінімдерін делдалсыз саудалайтын «Fresh Market» сауда орынымен танысты. Елімізде баламасы жоқ гастроном израильдік инвестордың қаржыландыруының арқасында бой көтерген. Оның негізгі қызметі – жергілікті фермерлерге вінімдерін делдалсыз сатуға жол ашу. Іші кең, арі барлық талаптарға сай жабдықталған ғимаратты аралаған қонақтар сатушылармен тілдесіп, сатылымға қойылған тауарлар бағасының қарапайым халық үшін қолжетімді болуына көніл аударды. Барнаулдағы бағасымен салыстырғанда біздің Шығыста візімізде өндірілетін вінімдердің құны алдеқайда төмен көрінеді.

Аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ мұндай нысанды іске қосудағы басты мақсат – тұрғындарға сапалы азық-түлік түрлерін арзандатылған бағамен үсіну болса, касікерлер үшін вінімдерін ешқандай алыпсатардың қызметіне жүгінбей-ақ тікелей саудалауға жағдай жасау. Айталақ, фермерлік дүкендегі бағаның қала базарларынан 15 пайызға төмен болуын облыс әкімдігі қатаң бақылауға алған. Сол сияқты, шаруа қожалықтарының сауда орыны үшін жалға төлейтін акысы да жоғары емес. Ғимаратта азық-түлікті сатуға, сақтауға, тасымалдауға қолайлы жағдайлар жасалған, тіпті ветеринарлық зертханасы, тоқазытқыш пен мұздатқыш камералармен жабдықталған қоймасы да бар. Келешекте гастроном аумағында нан пісіретін наубайхана мен сыра дайындайтын цех қатарға қосылмақ.

Қысқасы, азық-түлік вінімінің қауіпсіздігі мемлекеттік бағдарламасы аясында өндіріске енгізілген «Fresh Market» сауда орыны барлық стандарттық талаптарға жауап беретін, европалық үлгіде салынған нысан екендігіне Алтай өлкесінен келген артестеріміздің көздері анық жетті.

Өскеменниң көркіне взгеше сипат қосатын нысандардың тағы бірі ЖМК ықшам ауданында құрылышы жүріп жатқан жекпе-жек сарайы мен жеңіл атлетика манежі. Делегаттар аталған қос нысанға тізгін тартып, құрылышы алі аяқталмаса да ғимараттың ішін көріп шықты. Лондон олимпиадасының чемпионы, жерлесіміз Ольга Рыпакованиң есімі берілетін манеж барлық халықаралық талаптарға сайкес салынуда. Қолданысқа берілген соң мұнда Азия мен Еуропа біріншіліктерін, тіпті керек десеніз Әлем чемпионатын еткізуге әбден болады. Өнір басшысы дәл осындай жеңіл атлетика манежі әзірге елімізде жоқ екенін еске салды. Жобаның жүзеге асырылуын «Қазатомендіріс» үлттық компаниясы қолдау білдіруде.

Сол сияқты жекпе-жек сарайы да қаладағы саулетті ғимараттардың біріне айналмақ. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында бой көтеріп келе жатқан нысанның жобасын Шығыстағы іргелі кесілорындардың қатарынан саналатын «Қазцинк» ЖШС вз қаржысына жүргізуде.

Бұл қос ғимарат қолданысқа берілсе, аймақтағы жастардың басым белгі спортпен шұғылданып, болашақ олимпиада чемпиондары шығатынына сенім мол.

Көршілөріміздің көз жауын алып, таңдайын қақтырған көрікті жерлердің бірі – Өскеменниң бетбейнесіне айналған этносаябақ болды. Аумағы атшаптырым, шамамен 117 гектар болатын саулет-этнографиялық және тарихи-ландшафтық мұражай қорықты делегаттар адамдар отыратын тіркемесі бар шағын машинеге мініп арапады. Өйтпегенде ше, кун сайын көркейіп, жер көлемі кеңейіп, жаңа нысадармен толығып отыратын кешенді жаяу аралау мүмкін емес. Сондықтан келушілерге арнап адамдар тасымалдайтын тіркемелері бар шағын көліктер қызмет көрсетеді. Бұрындары арам шеп басып, бұта-қарағаннан аяқ алып жүре алмайтын алқапты вз қолымен «жұмаққа» айналдырған Николай Зайцевтің еңбегін облыс Әкімі делегаттардың алдында жоғары бағалады. Мұражай-қорықта алтайлық бауырластар назарына қолөнер шеберлері мен суретшілердің, мүсіншілердің жасаған ту туындылары, сондай-ақ жақында тұсауы кесілген «Ұлы жібек жолы» кешені көрсетілді. Этноауылдағы Ұлы жібек жолының бойында қазақтың хан сарайы, қытай императорының, үндінің және Орталық Азиядағы аміршілерінің сарайлары орналасқан. Ежелгі «Каравелла» кемесінің бортына шығып, айналаға көз жүгіртпі тамашалаған құрметті меймандар этноауылдың ғажайып кешен екенін баса айтты.

– Этноауылдан алған асерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Мұндай көремет кешен мен білсем ТМД елдерінде жок, сіздердің өнірде ғана бар. Тағы бір байқағаным, сіздердің облыста тың идеялары көп және оны іске асыруға құлшыныстары ерекше азаматтар жетерлік екен. Ең бастысы сол идеялардың орындалуын барынша қолдайтын, қаржылай және моральдік тұрғыдан көмек көрсететін шығармашыл басшыларының бар. Екінші жағынан алғанда, сіздер осы жұмыстарға бағытталған қаржының көзін мақсатты пайдаланудың арқасында ең етімді, ең көрнекі деген жобаларды жүзеге асырып отырысыздар, - деді Алтай влкесінің губернаторы Александр КАРЛИН.

Келісім құжаттары келелі істердің бастауы болмақ

Алтай влкесінің Шығыс Қазақстандағы күндері аясындағы ең маңызды шара осы күні түстен кейін Өскеменде «Алтай» технопаркінде өтті. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ пен Алтай влкесінің губернаторы Александр КАРЛИН бастаған екі өнірдің кесілкерлері мен атқарушы билік екілдері дәңгелек үстел басында отырып ынтымақтастық маселелерін қозғады, бұған дейін бірлесіп атқарған іс-шараларды сарапал, алдағы мақсат-міндеттерді айқындағы. Ынтымақтастық байланысты одан ары нығайта түсетін келісім құжаттарға қол қойды.

– Кейінгі он жылда көршілес жатқан екі өнірдің арасында артурлі салаларда 29 келісім жасалып, бугінгі күні олар өзінің жемісін беруде. Өсірсек, внекасіп, құрылыш, ауыл шаруашылығы, білім мен

денсаулық салаларында бірлесіп атқарған шаруалар көп. Бірлескен касіпорындардың жұмысы да жаман емес. Ағымдағы жеті айда біздің облыстың Ресей Федерациясымен сауда айналымы көлемі шамамен 1 млрд долларға жетті. Бұл қос елдің экономикасы үшін үлкен қолдау, - деп атап көрсеткен аймақ басшысы Бердібек САЛАРБАЕВ өнірдің алеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты екенін, ең бастысы алеуметтік маселелердің барлығы шешімін тауып жатқанын айта келе сезінің соңында Шығыс топырағына келіп, осылай ынтымақтастыққа ынғай танытып жатқандары үшін құрметті қонақтарға ризашылығын билдірді.

Аймақ басшысының айтудың татулығы жарасқан бауырлас өнірдердің байланысы ары қарай да өзінің заңды жалғасын тауып, осы кездесуден кейін де бірлескен жобалар көптеп қолға алынатын болады. Сонымен қатар осыған дейін жолға қойылған сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық салалардағы байланыстар ары қарай терендетіліп, көюжиегі кеңи түспек. Ол үшін барлық мүмкіндік бар. Екі елдің арасындағы шекараның айқара ашылуы, Кедендей одақтың құрылуды осының беріне оң ықпалын тигізетін даусыз.

Бұгінгі келісім құжат осыдан үш жыл бұрын қол қойылған құжаттың жалғасы және оларды іске асырудың инструменті болып табылады. Бірлескен жобалардан мысал келтірсек, курделі жәндеуден өткізіліп, Алтай өлкесінің Шығыстағы қундері аясында кеше ғана ашылған автокөлік жолының құрылышын айтқан орынды. Одан басқа жасалған келісімдердің арқасында біздің өнірден отыз дәрігер Алтай өлкесіне барып, біліктілікі арттыру курсында оқып келсе, бірнеше адам ем-дом қабылдау үшін қоршілеріміздің көмегіне жүргінген.

– Алтай өлкесі бывал Ресейдің инновациялық өнірлері қауымдастырына кіріп отыр. Бұған біз өлкемізде жаңа технологияларды өндіріске көптеп енгізудің арқасында қол жеткіздік. Осы жетістіктердің сіздермен белсуге арқашан дайынбыз. Айта кету керек, қоршілес аймақтар арасында жасалған бұл құжаттар тек тарих үшін немесе мұрағатта сақталатын қағаздар емес, бұгінгі таңда нақты іске асырылып жатқан бірлескен жұмыстардың жемісі, - деп сөйлеген Алтай өлкесінің губернаторы Александр Карлин шекаралық аймақтардың ынтымақтастыры екі елдің экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосатынын тілге тиек етті.

Сонымен қатар атальыш жыында біздің облыстан «Шығысагрохолдинг» ЖШС-нің директоры Ержан Нұрбаев пен қонақтар жағынан Алтай сауда-енергетик палатасының президенті Борис Чесноков сез сөйледі.

– Кедендей одақ біз сияқты касіпкерлерге өз өнімдерін одақта мүше мемлекеттердің нарығына емін-еркін шығаруға мүмкіндік туғызды. Мәселен, біз Ресейдің Алтай өлкесінен жұмыртқа тасымалдасадақ, ол жақта қавеністер мен үн жеткіземіз. Бұл экономикалық, сауда-саттық байланыстар осындай өңгелек үстел басында үйімдастырылған отырыстар мен қол қойылған келісім құжаттардың арқасында іске асырылады, - дейді серіктестік басшысы Ержан Нұрбаев.

Сонымен қатар отырыс барысында екі тараптың екіншілікі Курчатовта Бийскі қаласындағы сияқты ғылыми қалашық құру, туризм саласында бірлескен жобалар жасау, жастар үйімдарының тәжірибе алмасуы маселелері әнгіме арқауына айналды.

Жынын соңында Шығыс Қазақстан облысы акімдігі мен Алтай өлкесінің акімшілігі арасында ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру бойынша атап өнірдің басшылары 2014-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына қол қойды. Сонымен қатар біздің облыстың экономика

жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына қол қойды. Сонымен қатар біздің облыстың экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы мен Алтай өлкесінің экономика және инвестиция бас басқармасы арасында меморандумға қол қойылды. Бұл құжаттар қойы қоралас, ауылы аралас жатқан көрші өнімдердің бүрыннан келе жатқан ынтымақтастырын одан ары бекіте түсіп, алдағы уақытта бірлескен үлкен істері қолға алуға негіз болмақ.

Нұржан Кенжеұлы, Мейрамтай Иманғали, Серік Әбілхан